**2012.** By the Decision of Sokratov Committee of the European Business Assembly the international title of honor in the field of scientific research «The Name in Science» was awarded with entering of surname into official of outstanding scientists according to the European Business Assembly (No. 2941 dd. October 3, E.B.A., Oxford, Great Britain).

**2013.** Elected the corresponding member of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan (Certificate No. 068, the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Almaty).

**2014.** Elected the full member (academician) of Oxford University Council (No. OAU/2014/019 dd. December 01, Oxford, Great Britain).

**2017.** Elected the full member (academician) of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan (Certificate No.115, the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Almaty).

### *Awards and Honorary Titles*

**1982.** Medal of Honour For Labour Valour (Moscow).

**1982.** Gold medal laureate of the Exhibition of Achievements of the National Economy (Moscow).

**1982.** Certificate of Honour of Zhetysai Regional Committee of the Communist Party of Kazakhstan (May, Zhetysai).

**1983.** Gold medal laureate of the Exhibition of Achievements of the National Economy (Moscow).

**1985.** Bronze medal laureate of the Exhibition for achievements of the National Economy (Moscow).

**1992.** Certificate of honour of the Oblast Council of People's Deputies due to 60<sup>th</sup> anniversary of the South Kazakhstan oblast formation (October 20, Shymkent).

**1997.** Honoured citizen of Zhetysai region of the South Kazakhstan Oblast of the Republic of Kazakhstan (No. 30, Zhetysai).

**1998.** Astana medal (dd. August 17, No. 1124, Akorda, Astana).

**1998.** Man of the Year of the South Kazakhstan Oblast of the Republic of Kazakhstan (dd. December 18, No.23, Shymkent).

**2001.** Anniversary medal «10 Years of Independence of the Republic of Kazakhstan» (December 3, No. 01964, Akorda, Astana).

**2002.** Letter of Gratitude of Akim of Maktaaral Region of the South Kazakhstan Oblast (November 8, Zhetysai).

**2006.** «Honoured Worker of Kazakhstan» (Decree of the President of the Republic of Kazakhstan dd. December 8, No. 217, Certificate No. 4176. Akorda, Astana).

**2006.** Honorary citizen of Maktaaral Region of the South Kazakhstan Oblast RK (№ 30, Zhetysai).

**2007.** Letter of Gratitude of Majilis of the Parliament of the Republic of Kazakhstan (June 22, No. 7-10-499, Astana).

**2007.** Diploma «The Best in Profession» of the Ministry of Agriculture (November, The Ministry of Agriculture of the Republic of Kazakhstan, Astana).

**2007.** Certificate of Honour of the South Kazakhstan Oblast Maslikhat (December 13, Shymkent).

**2007.** Certificate of Honour Minister of Agriculture RK (The Ministry of Agriculture of the Republic of Kazakhstan, Astana).

**2008.** A. Baraev Prize Laureate of the Minister of Agriculture of the Republic of Kazakhstan of the 1<sup>st</sup> degree, the Gold Medal Laureate for the best scientific researches and works in the field of agrarian science.

**2008.** Academician A.I. Baraev Commemorative Medal. 100 years from the date of birth (The Ministry of Agriculture of the Republic of Kazakhstan, Astana).

**2009.** Certificate of Honour of the RK Minister of Agriculture (The Ministry of Agriculture of the Republic of Kazakhstan, Astana).

**2009.** Certificate of Honour of the Akim of the South Kazakhstan unit of «Nur Otan» Party (Shymkent).

**2011.** Letter of Gratitude of the President of the Republic of Kazakhstan N. Nazarbayev (Akorda, Astana).

**2011.** Commemorative Medal «20 Years of Independence of the Republic of Kazakhstan» (dd. November 10, No.29861, Akorda, Astana).

**2011.** Medal the «Best Scientist» for contribution into agrarian science development (November 21, South-West Research Institute of Animal Husbandry and Crop Production, Shymkent).

**2011.** Letter of Gratitude of the Akim of the oblast, the South Kazakhstan unit of «Nur Otan» Party (Shymkent).

**2011.** Letter of Gratitude of the South Kazakhstan Oblast Administration of Agriculture (November, Shymkent).

**2012.** Certificate of Honour of the Minister of Agriculture of the Republic of Kazakhstan (The Ministry of Agriculture of the Republic of Kazakhstan, Astana).

**2012.** Medal «For Merits for Oblast Development» (dd. October, 29 No.1-267, Shymkent, the South Kazakhstan oblast).

**2013.** Order «Glory of Kazakhstan» (dd. August 29, No. 00107, National Business rating, Astana).

**2013.** Medal «For the Efficient Labour Activity» (August 29, No. 00287, National Business rating, Astana).

**2013.** Awarded with a sign to 85<sup>th</sup> anniversary of Maktaaral Region of the South Kazakhstan Oblast (Zhetysai).

**2014.** Certificate of Honor of the South Kazakhstan Oblast Maslikhat (April, Shymkent).

**2014.** Certificate of Honor of the Minister of Agriculture of the Republic of Kazakhstan (The Ministry of Agriculture of the Republic of Kazakhstan, Astana).

**2014.** Certificate of Honour of «KazAgroInnovatsia» JSC of the Minister of Agriculture of the Republic of Kazakhstan (April, Astana).

**2014.** Commemorative Medal «80 Years of the Kazakh Research Institute of Agriculture and Plant Growing» (June 27, the Kazakh Research Institute of Agriculture and Plant Growing).

**2014.** Letter of Gratitude of the Akim of Maktaaral Region of the South Kazakhstan Oblast (Zhetysai).

**2015.** Letter of Gratitude of the President of the Republic of Kazakhstan N. Nazarbayev (Akorda, Astana).

**2015.** Medal «20 years of Kazakhstan Constitution» (August 5, No. 04719, Akorda, Astana).

**2015.** Gold Commemorative Medal «85 years of the Kazakh National Agrarian University» (Order No. 647 dd. November 18, KNAU, Almaty).

**2016.** Medal «25 Years of Independence of the Republic of Kazakhstan» (November 29, No. 03420, Akorda, Astana).

**2016.** «Honor» Order (Decree of the President of the Republic of Kazakhstan No. 328 dd. December 05, Order No. 38318, Akorda, Astana).

**2016.** Letter of Gratitude of the Akim, South Kazakhstan Unit of «Nur Otan» Party (Shymkent).

**2016.** Letter of Gratitude of the Akim of Maktaaral Region of the South Kazakhstan Oblast (Zhetysai).

**2016.** Certificate of Association of Maslikhats of the Republic of Kazakhstan (Almaty).

**2016.** Certificate of Honour of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan (NAS RK, Almaty).

**2017.** Commemorative Medal «80 Years of Al-Farabi Kazakh National University» (Order No. 392 dd. June 05, Certificate No. 2914, Almaty).

**2018.** Commemorative Medal «20 Years of Astana» (Akorda, Astana).

**2018.** Certificate of Honour of the Akim of Turkestan Oblast (Turkestan, August).

**2018.** Commemorative Medal «90 years of Maktaaral Region» (Myrzakent village, November).

**2018.** Certificate of Honour «100 years from the Start of Cotton Production in Kazakhstan» (Kazakh National Research Institute of Cotton Growing, Atakent village, November).

**2019.** By the decision of the Association of Secretaries of Maslikhats of the Republic of Kazakhstan the title «Honoured Deputy of Turkestan Oblast» is given (Decision No.11/19 dd. April 15, 2019).

**2019.** «For Distinguished Labor» Medal, the al-Farabi Kazakh National University (Protocol No1-714, 2019, 30 July, No 0126, KazNU, Almaty city).

**2019.** Honorary citizen of Turkestan oblast.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ  
АКАДЕМИЯСЫНЫҢ АКАДЕМИГІ, АУЫЛ  
ШАРУАШЫЛЫҒЫ ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ ДОКТОРЫ,  
ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЕҢБЕК СІЦІРГЕН ҚАЙРАТКЕРІ  
И.И. УМБЕТАЕВТЫҢ ҒЫЛЫМИ-ӨНДІРІСТІК ЖӘНЕ  
ҚОҒАМДЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ ҚЫСҚАША ОЧЕРКІ**

Умбетаев Ибадулла 1951 жылы 15 сәуірде Оңтүстік Қазақстан облысы, Жетісай ауданы, Интернационал ауылында дүниеге келген.

Ибадулла Изатуллаұлы – мақта шаруашылығы саласындағы Қазақстанның, алыс және жақын шетелдердің жетекші ғалымдарының бірі. Ол ғылыми зерттеулер мен селекциялық жұмыстарды жүргізу арқылы елдің агроөнеркәсіптік кешенін дамытуды ғылыми қамтамасыз етуге, сондай-ақ республиканың әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті отыз елдің қатарына кіру стратегиясын іске асыруға және халықаралық деңгейде ұлттық ғылымның оң имиджін қолдау жөніндегі жұмысқа дербес үлес қосты. Сонымен бірге, оның қазіргі заманғы ғылыми-техникалық әзірлемелерді өндіріске табысты енгізуі – әлемдік қаржы дағдарысы жағдайында мемлекеттің инвестициялық тартымдылығын, өсімдік шаруашылығын әртарап-тандыруды, елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін бәсекеге қабілетті өнім өндірісін ұлғайтуды арттырады.

Ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы (2004), ҚР Ұлттық Ғылым академиясының академигі (2017), ҚР Ауыл шаруашылығы ғылымдары академиясының академигі (2009), Оксфорд Академиялық Одағының академигі (Ұлыбритания, Лондон 2014), А. Бараев атындағы ҚР АШМ I дәрежелі сыйлығының лауреаты, аграрлық ғылым саласындағы үздік ғылыми зерттеулер мен жұмыстар үшін алтын медаль иегері (2008), Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері (2006), «Құрмет» орденінің иегері (2016).

В.И. Ленин атындағы орта мектепті бітіріп, 1967 жылы Еңбек Қызыл Ту орденді Қазақ мемлекеттік ауыл шаруашылығы институтына (қазіргі Қазақ ұлттық аграрлық университетіне) оқуға түсті. 1972 жылы ғалым-агроном мамандығы бойынша бітірді.

Еңбек жолын 1972 жылы Бүкілодақтық мақта шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының (бұдан әрі БМШҒЗИ) мақта шаруашылығы тәжірибе станциясының жаппай талдау зертханасының аға

лаборанты, ғылыми қызметкері, меңгерушісі қызметінен бастаған. 1978 жылы БМШҒЗИ аспирантурасын бітіріп, «Орошение хлопчатника минерализованными водами в староорошаемой зоне Голодной степи» (06.01.02) –Мелиорация және суармалы егіншілік тақырыбы бойынша ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін диссертациясын сәтті қорғады.

1979 жылдың сәуір айында Шымкент облысы Жетісай аудандық ауыл шаруашылығы басқармасының бас агрономы болып ауыстырылды. 1982 жылдан бастап Қазақстан Компартиясы Жетісай аудандық комитеті Ауыл шаруашылығы бөлімінің меңгерушісі, В. И. Ленин атындағы совхоздың директоры қызметтерін атқарды. 1987 жылдан бастап Келес аудандық агроөнеркәсіп бірлестігінің төрағасы, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік агроөнеркәсіп комитеті Шымкент облыстық агроөнеркәсіп комитеті төрағасының орынбасары, 1989 жылдан бастап Бөген (қазіргі Ордабасы ауданы) аудандық атқару комитетінің төрағасы, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік агроөнеркәсіп комитеті Шымкент облыстық агроөнеркәсіп комитеті төрағасының бірінші орынбасары болды.

1991 жылы – ҚР Шымкент облыстық кеңесінің атқару комитеті төрағасының орынбасары (агроөнеркәсіп кешені бойынша), 1992 жылдан 1997 жылға дейін Жетісай аудандық әкімшілігінің басшысы, Жетісай ауданының әкімі болды. 1997 жылы ірілендірілген Мақтаарал аудандық су шаруашылығы жүйелері басқармасының бастығы болып жұмыс істеді.

1997 жылдан 1999 жылға дейін Мақтаарал ауданының әкімі қызметін атқарды. 1999 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік қызмет академиясының курсы бітірді.

Облыстық және аудандық басшылық лауазымдардағы жұмыс барысында ол ауыл шаруашылығы өндірісіне жаңа экономикалық талаптар мен мақсатқа сай әзірлемелерді енгізуге үлкен көңіл бөлді және Оңтүстік Қазақстан облысының агроөнеркәсіптік кешенін дамыту үшін саланы ғылыми қамтамасыз етуге қомақты үлес қосты.

Оңтүстік Қазақстан облысының әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсарту, мәдениетті дамыту, халықтар арасындағы достық пен ынтымақтастықты дамытуда белсенді жұмыс жүргізіп, лайықты үлес қосып, жоғары алғыспен марапатталды.

1999 жылдан 2002 жылға дейін ҚР Білім және ғылым министрлігі Мақтаарал ауыл шаруашылығы тәжірибе станциясының директоры, кейін 2002 жылдың маусымынан бастап ҚР АШМ Мақтаарал ауыл шаруашылығы тәжірибе станциясының директоры қызметтерін атқарды.

2004 жылы И. Үмбетаев «Қазақстанның оңтүстігіндегі мелиорацияланатын топырақтардағы қоза өсірудің сорттық технологиясының ғылыми негіздері» тақырыбы бойынша ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін диссертациясын қорғады (06.01.01. – Жалпы егіншілік).

2006 жылдың ақпан айынан бастап ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі «ҚазАгроИнновация» АҚ мақта шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының директоры.

2008 жылдың қаңтарынан бастап ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі «ҚазАгроИнновация» АҚ Қазақ мақта шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының Бас директоры.

2016 жылдың 1 қаңтарынан бастап ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі «Ұлттық аграрлық ғылыми-білім беру орталығы» КЕАҚ Қазақ мақта шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының Бас директоры.

Республикадағы мақта шаруашылығы реформасы тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бастап өндірістің деформацияланған құрылымына ұшырады. 1992 жылға дейін Кеңес Одағы кезінде мақта қозасы монодақыл болды, бұл өз кезегінде топырақ құнарлылығына, ауыл шаруашылығы дақылдарының өнімділігіне, өнім сапасына кері әсер етті, мақта және басқа дақылдар зиянкестері мен ауруларының тарауына алып келді.

Ол ауыл шаруашылығын дамыту үшін Қазақстанның Оңтүстігіндегі суармалы егіншілікте жаңа ғылыми-негізделген жүйені әзірлеу және енгізу бойынша бірқатар күрделі және жауапты міндеттерді шешуге тиіс болатын.

Республикада мақта, қауын және суармалы жоңышқаның отандық өз сорттары болған жоқ. Жоғарыда аталған дақылдардың тұқымдары көршілес республикалардан әкелінді, бірақ олар күтілген нәтиже бере алмады. Біз мақта және басқа да дақылдар сорттары мен оларды өсіру технологиялары бойынша көршілес республикаларға тәуелді болдық. Бізде тұқым шаруашылықтары жұмыс істемеді, яғни олар



мүлдем болған жоқ, егіс үшін сорт қоспалары мен техникалық тұқымдар пайдаланылды, нәтижесінде мақта өнімділігі мен талшық сапасы төмендеді.

Бұл қызметте И. Үмбетаев ұжымды мақта шаруашылығы саласының дағдарыстан шығуының тиімді жолдарын іздестіруге табысты бағыттады. Нәтижесінде республикадағы мақта шаруашылығын инновациялық дамыту бойынша әзірленген ұсыныстар мен ұсынымдар оң өзгеріс әкелді.

Ол алғаш рет мақта селекциясы бойынша бірқатар ғылыми басымдықтарды анықтады, оны жүзеге асырғанда елдің мақтасы бәсекеге қабілетті бола алады.

Бұл басымдықтар мынадай бағыттардан тұрады:

- Өнімділігі мен талшық шығымы жоғары, әлемдік стандарттарға жауап беретін талшық сапасына ие тезпісер мақта сорттарын дамыту;
- Биотикалық факторларға (аурулар мен зиянкестер) төзімді жаңа мақта сорттарын шығару;
- Абиотикалық факторларға (ағын су тапшылығы, топырақтың сортаңдануы, өте жоғары температураға төзімділік) төзімді мақта сорттарын дамыту;
- Әр түрлі топырақ-климаттық жағдайларда өсіруге бейімделген және машина теріміне бейім мақта сорттарын дамыту;
- Мақта селекциясының дәстүрлі емес әдістерін кеңінен қолдану (биотехнология және гендік инженерия)

Бұл жұмыстарды атқаруда интерспецификалық және спецификалық будандастыру әдістері, гетерозистің экстремалды мутагенезі, молекулалық биология және биотехнология жетістіктері қолданылды.

Мақта шаруашылығы саласындағы жағдайды бағалауға байланысты оның басшылығымен және жеке қатысуымен институтта зерттеулер тереңдетіліп, отандық сорттарды шығару бойынша селекциялық ғылыми-зерттеу жұмыстары басталды. Нәтижесінде 2000 жылдан бастап бәсекеге қабілетті, тезпісер, талшық сапасы жоғары, ауру-құрғақшылыққа төзімді, жоғары өнімді «Мақтаарал» сериялы отандық мақта сорттары шығарылды (барлық сорттардың патенттері мен авторлық куәліктері бар), олар өндіріске жылдам қарқынмен енгізіле бастады.

Осы кезеңнен бастап ғылымның өндіріспен байланысы едәуір

жақсарды, ғылыми-зерттеу жұмыстарының көлемі мен тиімділігі артты, бұл шитті мақтаның өнімділігі мен сапасын арттыруға ықпал етті.

Қазіргі уақытта отандық сорттар өндірісте республикадағы мақта егіс алқабының 85%-дан астамын қамтып отыр. Облыста мақта өнімділігі қысқа уақыт ішінде 1998 жылы 15 ц/га-дан 2013-2014 жылдары гектарынан 29,5-30,0 центнерге дейін артты.

Өнімділік бойынша бейресми әлемдік рейтингте біздің республика 1998 жылы әлемнің 95 мақта өсіруші елдерінің арасында 26 орынды, 2007-2010 жылдары – 21-23 орынды, 2012-2014 жылдары – 10-11 орынды иеленді.

Ибадулла Үмбетаев басшылығымен институтта мақта және көкөніс-бақша дақылдарының шетелдік жоғары өнімді сорттары мен будандарын енгізуге бейімдеу жұмыстары жүргізіліп келеді. Әлемнің 17-ден астам мақта өсіретін елдерінің шетелдік сорттары сынақтан өтті.

Осы жұмыстарды жүргізу нәтижесінде отандық мақта шаруашылығын дамыту үшін саланың бәсекеге қабілеттілігін арттыру бойынша құнды нәтижелер алынды.

Бүгінде біздің республикамыздың мақта шаруашылығы тұрақты дамып келе жатқан сала болып, сорттары, тұқымдары мен технологиялары бойынша көршілес елдерге тәуелді емес. Біздің отандық мақта сорттарымыз әлем елдерінің үлкен қызығушылығын туғызды. АҚШ-тан, Монтана, Арканзас Штаттарынан (2003 ж.), ҚХР (2005-2017 жж.), Бразилиядан (2008 ж.), Тәжікстаннан (2008 ж.) және Аргентинадан (2011 ж.) генофондты алуға рұқсат сұраулар болды.

M-4011 мақта сорты 2018 жылдан бастап Ресей Федерациясының Волгоград облысының «Райгород» корпорациясында (Волгоград қаласынан 50 км қашықтықта) 4 мың гектарға жуық алқапта Қазақ мақта шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты ғалымдарының қолдауымен өндіріске енгізілді.

Тұқым шаруашылығы – мақтаның ең жақсы аудандастырылған сорттарын тез көбейту, сорттық тазалығын сақтау, жақсарту және өндіріске енгізу міндеттері жүктелген мақта шаруашылығындағы маңызды арнайы салалардың бірі.

Ғалым тарапынан алғаш рет отандық бәсекеге қабілетті

«Мақтаарал» мақта сорттарының түпнұсқалық және элиталық тұқымдарын алу жөніндегі жаңа схема ұсынылды, мақтаның аудандастырылған жаңа сорттарының элиталық және репродукциялық тұқымдық шиттерін өндіру бойынша нұсқаулық әзірленді (2009 ж.), оны бүгінде элиталық тұқым өсіру шаруашылықтары табысты қолдануда (ҚР АШМ Егіншілік департаменті енгізуге бекітті).

И. Үмбетаевтың ұсынысы бойынша Ауыл шаруашылығы министрлігі тарапынан жобалық қуаты жылына 5 мың тонна химиялық тазартылған мақта тұқымын өндіретін зауыт салынды, ол облыстың мақта өсіретін шаруашылықтарының элиталық және I репродукциялы жоғары сапалы тұқымдарына қажеттілігін қамтамасыз етеді.

И. Үмбетаев Еуропалық Одақтың EuropeAid (Tasic) бағдарламасымен (2004-2005 жж.) қаржыландырылатын «Қызылорда облысында экологиялық қауіпсіз даму» (Солтүстік Арал өңірі) (АДИКО) халықаралық жобасы шеңберінде отандық М-4005 жаңа мақта сортын өсіру технологиясын әзірледі.

Өсімдік шаруашылығын әртараптандыру кезінде ауыспалы егісті толықтыру және дамыту мақсатында институт селекционерлері қауынның «Қарақай», «Южанка-12», «Валет», «Жиеншар» (Торпеда), қарбыздың «Достық-10», «Күздік» отандық бәсекеге қабілетті жаңа сорттарын шығарып, өндіріске енгізді.

И. Үмбетаевтың бастамасы бойынша 2005 жылы Мақтаарал ауданының фермерлері Мәскеу қаласының ірі жеміс-көкөніс базаларымен және логистикалық орталықтарымен қауын, қарбыз, ерте пісер қырыққабат және жемістерді жеткізу (экспорттау) бойынша ұзақ мерзімді келісім-шарт жасады.

Бүгінде институт шығарған жаңа отандық бәсекеге қабілетті қауын сорттары Мәскеу қаласының ғана емес, Ресейдің басқа да Солтүстік қалаларының, тіпті Еуроодақтың бірқатар елдерінің нарықтарын сенімді түрде жаулап алды. Осы жылдары облыста бақша дақылдарының алқабы 2005 жылы 18 мың гектардан 2018 жылы 63 мың гектарға дейін өсті. Жыл сайын облыста орта есеппен 2 млн. 300 мың тонна бақша өндіріледі, оның 700 мың тоннасы республикадан тыс жерлерге экспортталады. Республикадан сыртқа экспортталатын бақша сорттарының 75 пайыздан астамы (525 мың

тонна) Қазақ мақта шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының селекционерлері тарапынан шығарылған.

Облыстың суармалы аймақтарында мал шаруашылығын дамыту үшін суармалы жоңышқаның бәсекеге қабілетті «Көксарай», «Даму-12», «Өнімді-90» жаңа сорттары шығарылды, сорттық агротехнологияны сақтаған жағдайда аталмыш сорттардан гектарынан 5-6 орымнан немесе 220-230 центнер құрғақ шөп алуға болады.

Облыста суармалы егіншілікті жүргізу тәсілінде бірқатар елеулі кемшіліктер болды, мақта қозасы монодақыл болды. Егістік алқаптар құрылымында жоңышқа үлесінің азаюы және бұршақ тұқымдас дақылдарының болмауы топырақтағы биологиялық азот пен қарашірінді мөлшерінің күрт қысқаруына, ондағы оң микробиологиялық процестердің баяулауына, нәтижесінде, топырақ құнарлылығы мен аймақта өсіріп баптталатын барлық дақылдар өнімділігінің төмендеуіне алып келді. Минералды тыңайтқыштардың жоғары мөлшерлерін қолданғанда да бұл келенсіз процестерді еңсеру мүмкін емес еді. 1995-2000 жылдары мақта өнімділігі гектарына 28-ден 15 центнерге дейін, ал көкөніс, бақша және жемшөп дақылдары 1,4-1,7 есеге төмендеді.

Топырақ құнарлылығын арттыру бойынша және сұр топырақты суармалы жерлердегі азот, фосфор және калий тыңайтқыштарын тиімді пайдалану жолдарын көпжылдық зерттеулер нәтижесінде оларды мақта және басқа да дақылдардың ауыспалы егісінде қолдану жүйесін әзірлеу аяқталды, бұл қазір жақсы нәтижелер беріп отыр.

И. Үмбетаев 1999 жылы ҚР БҒМ Ұлттық академиялық аграрлық зерттеулер орталығының Мақтаарал ауыл шаруашылығы тәжірибе станциясының директоры болып тағайындалғаннан кейін, Қазақстанның оңтүстігіндегі мақта өсіру аймағының суармалы егіншілігінің жаңа ғылыми негізделген инновациялық жүйесін әзірлеу жөніндегі зерттеулерді кеңейтті.

Суармалы егістікті қарқынды пайдаланудың негізі егістіктің дұрыс құрылымы болып табылады, оған сәйкес ауыспалы егіс схемасы анықталады. И. Үмбетаев басшылығымен мақта шаруашылығын әртараптандыру мақсатында өндіріске табысты енгізіліп келе жатқан ірі және ұсақ фермер шаруашылықтарына арналған қарқынды және қысқа танапты ауыспалы егістің оннан астам тізбегі әзірленді және жетілдірілді.

Бүгінде аталған ауыспалы егіс тізбегі мақта егістігінде кеңінен қолданылып келеді.

Соңғы жылдары Орталық Азия елдерінде ағын судың жетіспеушілігі байқалады. Әсіресе, Сырдария өзенінің бассейнінде, республикамыздың оңтүстік өңірінің суармалы жерлерінде, ағын су тапшылығы артып бара жатқан жағдайында бұл басты проблема болып отыр. Осыған байланысты И. Үмбетаевтың ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алуға ғылыми-зерттеу диссертациялық жұмысы жоғарыда аталған мәселелерді шешуге бағытталған. Мақтаны және басқа да ауыл шаруашылығы дақылдарын суаруға минералданған суларды пайдалану бойынша алғаш рет әзірленген ұсынымды енгізу елдің мақта өсіретін аймағындағы ағын су тапшылығын (қажеттіліктің 28-30%-ын, 180-200 млн. м<sup>3</sup> құрайды) мақта өнімділігін төмендетпестен және суармалы жерлердің қолайлы мелиоративтік жағдайында минералданған дренаж суларын өзен суымен араластырып пайдалану есебінен өтеуге мүмкіндік берді.

Сырдария өзенінен бастау алатын «Достық» каналынан ағын суды вегетация кезеңінде тиімді пайдалану мақсатында И. Үмбетаев облыс әкімдігінің, «ҚазАгроИнновация» АҚ-ның, ауыл шаруашылығы министрлігінің алқа мәжілістерінде және ҚР Парламенті Сенатының дөңгелек үстел отырысында Мақтаарал және Жетісай аудандарының егіс алқаптарын әртараптандыру және көкөніс, бақша, жемшөп дақылдарын егуге, жеміс ағаштары мен жүзім көшеттерін отырғызуға көшумен мақта алқабын 65 мың гектарға дейін төмендету туралы өзінің пайымдауын үнемі ұсынды және дәлелдеп берді.

И. Үмбетаевтың ғылыми негізделген ұсынысына сәйкес «Мақтарал ауданындағы егіс алқаптарын әртараптандырудың кешенді жоспары» әзірленіп, 2014 жылдың ақпан айында Үкімет Қаулысымен бекітілді. Осы қаулыға сәйкес аудандардың ауыл шаруашылығын дамыту үшін әр түрлі көздерден 19,2 млрд. теңге, ал суару және қашыртқы жүйелерін, гидрокұрылыстарды жөндеу үшін 18,0 млрд. теңгеден астам қаражат бөлінеді.

И. Үмбетаевтың басшылығымен мақта өсіру аймағында жан-жақты зерттеу нәтижесінде құнды ғылыми деректер алынды, Қазақстанның Оңтүстігіндегі суармалы егіншілікте үлкен ғылыми-

практикалық маңызы бар гидромодульді аудандастыру және су-тұз тәртібін реттеу бойынша теориялық қорытындылар жасалды.

Мақтаарал және Жетісай аудандарында мақтаның және мақта ауыспалы егісі дақылдарын гидромодульді аудандастыру әзірленіп, өндіріске енгізілді, одан кейін 1,056 млн. текше метр судан 14%-дан астамы немесе 140 млн. текше метр ағын су үнемделді.

Ол алғаш рет ғылыми негізделген заманауи перспективті суару әдістері – су үнемдеу технологиясын, су ресурстарын ұтымды пайдаланудың, суару және дренаж жүйелерін пайдаланудың, сондай-ақ ауылшаруашылығы дақылдарын өсірудің негізі ретінде сортаңданған жерлерді мелиорациялауды енгізу арқылы мақта өсіретін аймақтың суармалы егіншілігін дамытуға елеулі үлес қосты.

Осы жұмыстың нәтижесінде суармалы жерлердің мелиоративтік жағдайын жақсарту үшін тік дренаж ұңғымаларын қалпына келтіру және жұмыс істету мақсатында алғаш рет Мақтаарал және Жетісай аудандарында республикалық бюджет есебінен 1999 жылдан бастап ПУИД-I және ПУИД-II тік дренаж ұңғымаларын жөндеу және тиімді пайдалану, суландыру жүйелерін қайта құру жұмыстары ұйымдастырылды.

Нарықтық экономикаға көшу барысында мақта өсірудің жаңа жағдайларында оның тарапынан алғаш рет минералды тыңайтқыштарды енгізу мерзімдері мен оңтайлы мөлшерлері, мелиорацияланатын жерлерде мақта талшығының технологиялық сапасы жоғары шитті мақтаның салыстырмалы жоғары өнімін алуды қамтамасыз ететін перспективті жаңа мақта сорттарының суару тәртіптері белгіленді.

Алғаш рет оның ғылыми-негізделген ұсынысы бойынша сумен қамтамасыз етуді жақсарту мақсатында Түркістан облысының Жетісай ауданында мақта және басқа да ауыл шаруашылығы дақылдарын суару үшін Шардара су қоймасынан 80-85 мың гектар алқапта су сорғыш құрылыстары орнатылды.

Егістерде, әсіресе сортаңданған жерлерде тек қана мақта өсіру жердің мелиоративтік және фитосанитариялық жағдайының нашарлауына алып келді. Мырзашөл өңірінде 850 тік дренаж ұңғымаларының 70%-дан астамы жұмыс істемеді, бұл топырақтың сортаңдану процесін одан әрі жеделдетті.

Ол алғаш рет топырақты сорсыздандыру бойынша мелиорация-

лық іс-шаралар әзірледі (сортаңдану дәрежесіне қарай сор шаю мөлшері мен мерзімдері), сондай-ақ олардың негізінде мақтаның жаңа және перспективті сорттарының өсуі мен дамуы үшін оңтайлы астар құрылды, мақта қозасының орналасу жиілігі мен жапырақ бетінің көрсеткіштері анықталды, бұлар облыста мақта егістігінің 85%-дан астам алқабында өндіріске енгізілді.

И. Үмбетаев агроқұрылымдар мен фермерлік шаруашылықтарды топырақ құнарлылығына, орналасқан орнына, суару және қашыртқы жүйелері мен жолдарға байланысты оңтайлы көлемдегі ауыл шаруашылығы кооперативтеріне ірілендірудің экономикалық тиімділігін әзірледі.

«Мақта саласын дамыту туралы» заңды әзірлеуге белсенді қатысты, онда мақта шаруашылығындағы бірқатар мәселелер шешілетін болады.

Ол алғаш рет Түркістан облысында «Нарықтық экономиканың жаңа жағдайында Қазақстанның оңтүстігінде мақта өсірудің инновациялық жүйесін» әзірлеп, өндіріске енгізді.

И. Үмбетаевтың бастамасымен 2010 жылы 5 қарашада Қазақ мақта шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты базасында «Білім тарату жүйесі арқылы – бәсекеге қабілетті ауыл шаруашылығына» ұранымен «Мақтаарал» білім тарату орталығы (БТО) жұмысын бастады.

Агроөнеркәсіп кешенінде (әрі қарай АӨК) білім тарату орталығын құру ауылдық тауар өндірушілерді жаңа агротехнологияларға оқытуға, агроқұрылымдар мен фермерлердің білім деңгейін арттыруға ықпал етті. Бұл жұмыста қазіргі заманғы агротехнологиялар саласында берілетін білімнің ауылдық тауар өндірушілердің нақты қажеттіліктеріне және өңірлерде АӨК салаларын жедел дамыту міндеттеріне жауап беретіндігіне үлкен мән берілді.

АӨК саласындағы «Мақтаарал» білім тарату орталығының негізгі мамандануы мақта шаруашылығы, көкөніс, бақша шаруашылығы, жемшөп өндірісі саласында білім беру және тарату бойынша іс-шаралар өткізу, сондай-ақ Түркістан облысының суармалы жер жағдайында мақта ауыспалы егісіндегі дақылдарды әртараптандыру болып табылады.

Бұл орталық Түркістан облысы өңірлерінің өсімдік шаруашылығы саласының жедел дамуына зор ықпал етті. Орталықтың мақсатты

жұмысының арқасында Оңтүстік Қазақстанның мақта өсірушілері рекордтық көрсеткішке қол жеткізді, мақта өнімділігі гектарынан 30 центнерді құрады, жекелеген шаруашылықтарда өнімділік 50 центнерге жетті және одан да жоғары болды. Бұл – облыстағы соңғы онжылдықтағы мақта өнімділігінің ең жоғары көрсеткіштерінің бірі болатын.

Азаматтардың материалдық жағдайын жақсарту мақсатына қол жеткізу үшін ауыл кәсіпкерлерін жаппай оқыту, кадрларды даярлау, отандық және шетел технологияларын тиімді қолдану жөніндегі ұсыныстарды өндіріске енгізу негізгі мақсаттың бірі болды.

Ауыл кәсіпкерлерін агробизнестің озық технологияларына жаппай оқыту жүйесін енгізу мақсатында Қазақ ғылыми-зерттеу институтының жанынан жаңадан «МАҚТА» Білім тарату орталығы құрылды.

«МАҚТА» БТО базасында 2019 жылдан бастап өндіріске үздік халықаралық тәжірибені енгізу, оның ішінде беделді шетелдік мамандарды тарту есебінен, Түркістан облысының мақта өсіретін өңірлерінде едәуір тиімді технологиялар бойынша ғылыми зерттеулер жүргізу, алынған нәтижелерді практикада көрсету және мақта шаруашылығын дамытуды тежейтін жоғарыда аталған мәселелерді жою үшін мақта, бақша, көкөніс, астық және жемшөп дақылдары өндірушілеріне білім беру бойынша жұмыстар ұйымдастырылды.

Жұмыс облыстағы агробизнестің неғұрлым сұранысқа ие бағыттарын анықтау бойынша талдау және мониторинг жүргізу жолымен жүргізіліп келеді.

Негізгі мақсат – мақта өсіретін аймақтар үшін басым ауыл-шаруашылығы өнімдерін өндіру бойынша көрсетім алқаптарын ұйымдастыру, отандық және шетелдік технологияларды тиімді қолдана отырып ұсынымдар әзірлеу, жоғары өнім алу үшін пайдаланылатын озық технологияларды қолданып, аймақтың ауыл-шаруашылығы тауар өндірушілеріне тікелей кеңес беру.

Бұл жұмыстарды орындау үшін институтта білікті отандық және шетелдік ғылыми-кадрлық әлеует, аймақтағы білімді тарату тәжірибесі, инфрақұрылым бар, яғни оқу үшін орын-жай, сыныптар, зертханалық жабдықтар мен аспаптар, цифрландыру және дәл егіншілік кабинеті, ауыл шаруашылығы алқаптары, тракторлар мен құралдар бар.



«Мақта» БТО-ны құру білім айналымын жасайды және ғылым алдында қолданбалы міндеттер қояды. Ғылымның қолданбалы міндеттерді шешуге көшуі өз кезегінде фермерлермен тығыз байланысты қамтамасыз етеді.

Мақта шаруашылығында жинақталған мәселелерді шешпей, еңбек өнімділігін арттыру және қайта өңделген ауыл шаруашылығы өнімдерінің экспортын ұлғайту жөніндегі міндеттерді орындау мүмкін емес. Мәселені шешу үшін АӨК цифрландыру және дәл егіншілік әлеуеті, сондай-ақ жоғары білікті кадрларды даярлау белсенді іске асырылуы тиіс.

Мемлекет саясатын және Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 19 наурыздағы №958 Жарлығымен бекітілген 2010-2014 жылдарға арналған үдемелі индустриялы-инновациялық даму мемлекеттік бағдарламасында қойылған басымдықтарды іске асыру мақсатында И. Үмбетаев 2012 жылы Қазақстан Республикасының Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі мен «Технологиялық даму жөніндегі Ұлттық агенттігі» АҚ ұйымдастырған республикалық өнертапқыштардың «Рационализатор.kz» Республикалық өнертапқыштар байқауына «Оңтүстік Қазақстанның суармалы егіншілігінде топырақты өңдеудің үнемдеу технологиясы» инновациялық эзірлемелерімен қатысып, байқау жеңімпазы атанды және 1 орын үшін берілетін арнайы дипломмен марапатталды.

Жоғарыда аталған «топырақты өңдеудің үнемдеу технологиясы» топырақты 55-65 см-ге қопсытудың үнемдеу технологиясы суармалы жерлерде 30-40 см тереңдіктегі 45-50 жыл бойы қалыптасқан топырақтың қатты қабатын бұзады, ауа алмасуын, су өткізгіштігін және су-ауа тәртібін жақсартады, топырақтың көлемдік салмағын төмендетеді, ауылшаруашылық дақылдарының өнімділігін және өнім сапасын арттырады. Бүгінгі таңда бұл технология облыста 287 мың гектардан астам алқапта өндіріске енгізілді.

Түркістан облысы бойынша суармалы жерлерде жерді аудармай терең қопсытудың үнемдеу технологиясын ендіру және қолдану нәтижесінде топырақты негізгі өңдеуден шаруалар облыс бойынша жалпы 1,5 млрд. теңге үнемдей алады, ал өнімділіктің 30-32% артуы есебінен жылына жалпы 13,5 млрд. теңге, барлығы 15,0 млрд. теңгеден астам қосымша табыс алуға болады.

1998, 2002, 2003, 2014 және 2017 жылдары Оңтүстік Қазақстанның мақта егістерінің едәуір бөлігін мақта көбелегі, карадина және басқа да зиянкестер зақымдаған. Көптеген алқаптарда егін шығыны 40-70% және одан да жоғары болды.

Мақта қозасын зиянкестерден қорғау, негізінен, қоршаған ортаға және халықтың денсаулығына кері әсер ететін химиялық құралдарды қолдану есебінен жүзеге асырылады.

Мақта қозасын зиянкестерден қорғауда қол жеткізген елеулі жетістіктерге және қаржыландырудың жоқтығына қарамастан, ғылыми зерттеулер институттың бюджеттен тыс қаражатынан пайдаланылып, тиімді нәтижелер алынды.

Тиімділікті арттыру мақсатында И.Үмбетаевтың ұсынысы бойынша жиналған өнімді зиянкестерден сақтау және шитті мақта өнімділігін арттыру, елдің мақта-тоқыма саласын жоғары сапалы талшықтармен қамтамасыз ету және Қазақстанның агроөнеркәсіптік кешенінің экономикасын дамытуға ықпал ету үшін мақта қозасын интеграциялық әдіспен қорғауға жергілікті жағдайларға бейімделген трихограмма, бракон, алтынкөз сияқты биоагент түрлерін пайдалана отырып, биологиялық әдісті енгізу ұсынылды.

Ол Білім және ғылым Министрлігіне қарасты «М. Ауезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік университеті» РМҚК ғалымдарымен бірлесіп, алғаш рет «Пролангирленген әсері бар минералды тыңайтқыштар алу әдісін» әзірледі. Жаңа өнертабыс Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 25 қыркүйектегі №20523 инновациялық патентімен расталды.

И. Үмбетаев – «Шапағат-2009» VI Республикалық байқауының жеңімпазы және Республикалық өнертапқыштар байқауының «Қазақстанның инновациялық дамуына қосқан үлесі үшін» номинациясында «Пролангирленген әсері бар минералды тыңайтқыштар алу әдісі» тақырыбы бойынша жеңімпаз Дипломының иегері.

Ол өзінің ғылыми-зерттеу жұмыстарымен Түркістан облысы мақта шаруашылығының дамуына және Қазақстан Республикасының мақта-тоқыма кластері бағдарламасының орындалуына елеулі үлес қосуда.

И. Үмбетаевтың ғалым ретінде қалыптасуына, оның ғылыми өсуі мен жемісті жұмысына ғылым докторлары, профессорлар, Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының академиктері,

Өзбекстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының академиктері, Бүкілодақтық АШҒА, Ресей ҒА, Украина АШҒА, Қазақстан Республикасы АШҒА академиктері: Н.Ф. Беспалов, И.К. Киселева, С.Х. Юлдашев, В.А. Духовный, М.Ж. Журинов, Т.И. Есполов, Р.Е. Елешев, А.А. Сатыбалдин, Р.А. Уразалиев, А.С. Сапаров, К.Е. Елемесов, А.М. Омбаев, Г.Т. Мейрман, Ш.И. Ибрагимов, К.М. Мирзажанов, Т.А. Атакулов, А.С. Сергазиев, А. Махамбетов және т.б. елеулі әсер етті.

Ол мақта жөніндегі халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларда, симпозиумдарда, сондай-ақ Халықаралық Консультативтік Комитетінің: Қытай, Пәкістан, Үндістан, Америка Құрама Штаттарында, Бразилия, Аргентина, Өзбекстан, Түркия, Малайзия, Сингапур, Африка, Буркина-Фасо, Кот-д'Ивуар, Австралия, Германия, Франция, Италия, Польша, Грекия, Белоруссия, Ресей, Украина, Оңтүстік Африка (Кейптаун), Швейцария, Тайвань, Бангладеш, Колумбия елдерінде өткізілген жыл сайынғы пленарлық отырыстарына белсенді қатысты. Оның «Қазақстан Республикасында мақта шаруашылығының жағдайы және даму болашағы» және осы сала бойынша басқа да тақырыптағы ғылыми баяндамалары терең ғылыми зерттеулері және Қазақстанның халықаралық тануға ие болған мақта шаруашылығының зор болашағын көрсетеді.

Қазақстанның жетекші ғылыми және білім беру орталықтарымен, шетелдік Израиль, Түркия, Қытай, Бразилия, Аргентина, АҚШ, ГФР, Өзбекстан, Колумбия және Грекияның ғылыми орталықтарымен, сондай-ақ ICARDA, IWMI, EMBRAPA, TACIS, ICAC, CIMMIT және TICA халықаралық орталықтарымен тығыз байланыстар орнатылды.

И. Үмбетаев – «Қазақстан Республикасының АгроОдағы» қауымдастығы тұқым өсірушілері мен селекционерлерінің Қамқоршылық Одағының мүшесі.

2004 жылдан бастап ҚР АШМ ауыл шаруашылығы дақылдарының селекциясы, сорттық сынағы және тұқым шаруашылығы мәселелері жөніндегі сараптау комиссиясының мүшесі.

Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі жанындағы мақта өнімін стандарттау бойынша «ТК-64» техникалық комитетінің төрағасы болып табылады. Оның жетекшілігінде 2006 жылы мақта өніміне 8 мемлекеттік стандарт (Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Техникалық реттеу және

метрология Комитетінің №572 Бұйрығы) және шитті мақтаны мақта талшығына қайта өңдеудің технологиялық регламенті (ҚР АШМ 2007 ж. 27-желтоқсандағы №777 Бұйрығы) әзірленді.

И. Үмбетаев ғылыми басылымдарда жарияланған ғылыми еңбектердің авторы – 575 басылым, оның ішінде импакт-факторлы – 69, ағылшын тілінде – 44, патенттер – 63, авторлық куәліктер – 60, бұқаралық ақпарат құралдарындағы мақалалар – 451, оның редакциясымен шығарылған еңбектер – 43.

Қазақ мақта шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының директоры қызметін атқарған күннен бастап ол ғылыми зерттеулерді, өндірістік және қаржы-шаруашылық қызметті ұйымдастырумен және дамытумен белсенді айналысып келе жатыр.

Институтта мақта шаруашылығы саласындағы ғылыми жарияланымдардың, нормативтік-әдістемелік ұсынымдардың, заңдардың жағдайына мониторинг жүргізіледі. Мақта шаруашылығы бойынша ғылыми жарияланымдардың мәліметтер базасы қалыптастырылды. «Ұлттық ғылыми-техникалық ақпарат орталығы» АҚ-мен 05.05.2015 жылғы №143 Шартқа сәйкес институт WebofScience электрондық ақпараттық ресурстарына және SpringerLink Мәліметтер базасына қол жеткізе алады. Мамандандырылған ғылыми-техникалық кітапхана бар, оның қорында мақта шаруашылығы ғылымының түрлі бағыттары бойынша 3,5 мың данадан астам кітап, мерзімді басылымдар, нормативтік-әдістемелік ұсынымдар, докторлық және кандидаттық диссертациялардың авторефераттары, патенттер, авторлық куәліктер және т. б. бар. Өз әзірлемелеріміздің мұрағаты бар.

Қазақстандағы мақтаның негізгі тектік қоры «Қазақ мақта шаруашылығы ҒЗИ» ЖШС шоғырланған, топтамада 21 елден әкелінген 1013 үлгі бар, оның ішінде 1008-і ортаталшықты және 5 үлгі жіңішке талшықты мақта түрлеріне тиісті.

Зертханалар заманауи жабдықтармен, соңғы үлгідегі өлшеу құралдарымен, жаңа әдістемелер бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге арналған құрылғылармен жабдықталған.

Қазақ мақта шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты халықаралық талаптарға сәйкес 2010 жылдан бастап ИСО-9001-2000 сапа менеджменті жүйесі бойынша жұмыс істейді.

Ибадулла Үмбетаев Ауыл шаруашылығы министрлігі мен

аграрлық бейіндегі ведомстволарға, Түркістан облыстық әкімдігіне, мақта өсіретін аудандарға, фермерлік шаруашылықтарға мақта шаруашылығы, суармалы егіншілік, мелиорация, тыңайтқыштар мен химикаттарды қолдану және ауыл шаруашылығы зиянкестерімен күрес мәселелері бойынша ғылыми негізделген кеңес беру қызметтерін көрсетеді және олармен тығыз байланыста болып келеді.

Академик И. Үмбетаев өзіне және айналасындағыларға деген талапшылдығымен, үлкен ұйымдастырушылық қабілеті, төзімділігі, кең ой өрісі және жоғары қарым-қатынас мәдениетімен, өз көзқарасын ашық жеткізе білуімен ерекшеленеді. И. Үмбетаев бай өмірлік тәжірибесі бар, қиын жағдайларда дұрыс шешім таба білетін қабілетімен отандық ғылым саласында және шетелде үлкен беделге, шынайы және терең құрметке ие. Оған керемет адами қасиеттер – мақсаткерлік, терең білімдарлық, жұмысқа қабілеттілік және ақкөңілділік тән.

*Бизараев О. Қ.*

*Қазақ мақта шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты  
Бас директорының ғылыми істері жөніндегі орынбасары,  
ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты,  
ҚР Ауыл шаруашылығы ғылым Академиясының  
корреспондент-мүшесі*

*Қостақов А. Қ.*

*Қазақ мақта шаруашылығы ғылыми-зерттеу  
институтының ғылыми хатшысы  
ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты,  
ҚР Ауыл шаруашылығы ғылым Академиясының  
корреспондент-мүшесі*

**КРАТКИЙ ОЧЕРК НАУЧНО-ПРОИЗВОДСТВЕННОЙ  
И ОБЩЕСТВЕННОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ АКАДЕМИКА  
НАЦИОНАЛЬНОЙ АКАДЕМИИ НАУК РЕСПУБЛИКИ  
КАЗАХСТАН, ДОКТОРА СЕЛЬСКОХОЗЯЙСТВЕННЫХ  
НАУК, ЗАСЛУЖЕННОГО ДЕЯТЕЛЯ КАЗАХСТАНА  
И.И. УМБЕТАЕВА**

Умбетаев Ибадулла родился 15 апреля 1951 года в селе «Интернационал» Жетысайского района Южно-Казахстанской области.

Является одним из ведущих ученых Казахстана, стран ближнего и дальнего зарубежья в области хлопководства. Он внес значительный вклад в научное обеспечение развития агропромышленного комплекса страны по проведению научных исследований и селекционной работы, а также персональный вклад в реализацию стратегии вхождения республики в тридцать наиболее конкурентоспособных стран мира и в работу по поддержке позитивного имиджа национальной науки на международном уровне. Вместе с этим успешное внедрение им современных научно-технических разработок в производство повышает инвестиционную привлекательность государства в условиях мирового финансового кризиса, диверсификацию растениеводства, увеличение производства конкурентоспособной продукции для обеспечения продовольственной безопасности страны.

Доктор сельскохозяйственных наук (2004), академик Национальной академии наук РК (2017), академик Академии сельскохозяйственных наук РК (2009), академик Оксфордского академического Союза (Великобритания, Лондон 2014), лауреат премии МСХ РК имени А. Бараева I степени, обладатель Золотой медали за лучшие научные исследования и работы в области аграрной науки (2008), Заслуженный деятель Казахстана (2006), Кавалер Ордена «Кұрмет» (2016),

По окончании средней школы им. В.И. Ленина в 1967 году поступил на агрономический факультет Ордена Трудового Красного Знамени Казахского государственного сельскохозяйственного института (ныне Казахский национальный аграрный университет) и окончил в 1972 году по специальности ученый-агроном.

Трудовую деятельность начал в 1972 году с должности старшего

лаборанта, научного сотрудника, заведующего лабораторией массовых анализов Мактааральской опытной станции хлопководства Всесоюзного научно-исследовательского института хлопководства (далее СоюзНИХИ). В 1978 году окончил аспирантуру СоюзНИХИ и успешно защитил диссертацию на соискание ученой степени кандидата сельскохозяйственных наук по теме «Орошение хлопчатника минерализованными водами в староорошаемой зоне Голодной степи» (06.01.02) – Мелиорация и орошаемое земледелие).

В апреле 1979 года был переведен главным агрономом Жетысайского районного управления сельского хозяйства Шымкентской области. С 1982 года занимал ряд руководящих должностей – заведующий сельскохозяйственным отделом Жетысайского РК КП Казахстана, директор совхоза им. Ленина. С 1987 года – председатель Келесского районного агропромышленного объединения (РАПО), заместитель председателя Шымкентского областного агропромышленного комитета Госагропрома РК. С 1989 года был председателем Бугунского (ныне Ордабасинский район) райисполкома, первым заместителем председателя Шымкентского областного агропромышленного комитета Госагропрома РК.

В 1991 году – заместитель председателя исполкома Шымкентского областного совета РК (по Агропромышленному комплексу), с 1992 г. по 1997 г. являлся главой Жетысайской районной администрации, Акимом Жетысайского района. В 1997 году работал начальником укрупненного Мактааральского районного управления водохозяйственных систем.

С 1997 г. по 1999 г. занимал должность Акима Мактааральского района. В 1999 году окончил курсы Академии государственной службы при Президенте Республики Казахстан.

За время работы на руководящих должностях областного и районного масштаба он уделял большое внимание внедрению новых экономически целесообразных разработок в сельскохозяйственное производство и внес весомый вклад в научное обеспечение агропромышленного комплекса Южно-Казахстанской области.

Провел активную работу и внес достойный вклад по улучшению социально-экономического состояния, развития культуры, дружбы и солидарности между народами Южно-Казахстанской области, которые были отмечены высокой благодарностью.

С 1999 г. по 2002 г. – директор Мактааральской сельскохозяйственной опытной станции Министерства образования и науки РК, затем с июня 2002 г. – директор Мактааральской сельскохозяйственной опытной станции МСХ РК.

В 2004 г. И. Умбетаев защитил диссертацию на соискание ученой степени доктора сельскохозяйственных наук на тему «Научные основы сортовой технологии возделывания хлопчатника на мелиорируемых почвах юга Казахстана» (06.01.01 – Общее земледелие).

С февраля 2006 г. – директор Научно-исследовательского института хлопководства АО «Казагроинновация» Министерства сельского хозяйства РК.

С января 2008 г. – генеральный директор Казахского научно-исследовательского института хлопководства, АО «Казагроинновация» Министерства сельского хозяйства РК.

С 1 января 2016 г. – генеральный директор Казахского научно-исследовательского института хлопководства, НАО «Национальный аграрный научно-образовательный центр» Министерства сельского хозяйства РК.

Реформы в сельском хозяйстве после обретения независимости республики с первых шагов столкнулись с деформированной структурой производства. Ведь до 1992 года при Советском Союзе процветала монокультура хлопчатника, что отрицательно сказывалось на плодородии почв, урожайности сельскохозяйственных культур, качестве сельскохозяйственной продукции, вело к распространению болезней и вредителей хлопчатника и других растений.

Ему для развития сельского хозяйства предстояло решить ряд сложных и ответственных задач по разработке и внедрению новой научно-обоснованной системы в орошаемом земледелии юга Казахстана.

В республике не было своих отечественных сортов хлопчатника, дыни и поливной люцерны. Семена вышеперечисленных культур завозились из соседних республик, но они не обеспечивали желаемого результата. Мы были зависимы от соседних республик по сортам, технологиям возделывания хлопчатника и других культур. У нас не работали семеноводческие хозяйства, т.е. попросту их не было, на посев использовали сортосмесь и технические семена, в



результате чего снизилась урожайность хлопчатника и качество волокна.

На этом посту И. Умбетаев успешно направляет коллектив на поиск эффективных путей выхода хлопководческой отрасли из кризиса, разработанные рекомендации и предложения по инновационному развитию хлопководства в республике дали свои положительные результаты.

Он впервые определил ряд научных приоритетов по селекции хлопчатника, при успешном выполнении которых хлопок страны мог стать конкурентоспособным.

Эти приоритеты состоят из следующих направлений:

- Развитие скороспелых сортов хлопка с высоким урожаем, хорошим выходом и качеством волокна, отвечающим мировым стандартам;

- Вывести новые сорта хлопка, устойчивых к биотическим факторам (болезни и вредители);

- Развитие сортов хлопка, устойчивых к абиотическим факторам (дефицит поливной воды, засоленность почвы, устойчивость к чрезвычайно высоким температурам);

- Развитие сортов хлопчатника, адаптированных к выращиванию в различных почвенно-климатических условиях и приспособленных к машинному сбору;

- Широкое использование нетрадиционных методов селекции хлопчатника (биотехнология и генная инженерия).

Эти работы сопровождалась методами интерспецифической гибридизации, внутреспецифической гибридизации, экстремальным мутагенезом гетерозиса, молекулярной биологией и биотехнологией.

В связи с оценкой обстановки в отрасли хлопководства под его руководством и личном участии в институте углубились исследования и начались научно-исследовательские селекционные работы с выведения отечественных сортов. В результате с 2000 г. выведено 13 новых отечественных конкурентоспособных, скороспелых, болезне-засухоустойчивых, высокоурожайных с хорошим качеством волокна сортов хлопчатника серии «Мактаарал» (на все сорта имеются патенты и авторские свидетельства), которые быстрым темпом начали внедряться в производство.

С этого периода значительно улучшилась связь науки с

производством, расширились объемы и эффективность научно-исследовательских работ, что способствовало повышению урожайности и качества хлопка-сырца.

В настоящее время отечественные сорта в производстве занимают более 85% от всей площади посевов хлопчатника в республике. Урожайность хлопчатника в области за короткое время повысилась с 15 ц/га в 1998 г. до 29,5-30,0 центнеров с гектара в 2013-2014 гг.

В неофициальном мировом рейтинге по урожайности наша республика в 1998 г. среди 95 хлопкосеющих стран мира занимала 26 место, в 2007-2010 гг. – 21-23 места, в 2012-2014 гг. – 10-11 места.

Под его руководством в институте проводится адаптирование к внедрению зарубежных высокопродуктивных сортов и гибридов хлопчатника и овощебахчевых культур. Прошли испытания зарубежных сортов хлопчатника из более 17 хлопкосеющих стран мира.

В результате проведения этих работ для развития отечественного хлопководства получены ценные результаты по повышению конкурентоспособности отрасли.

Сегодня хлопководство нашей республики является устойчиво развивающейся отраслью, которая по сортам, семенам и технологиям не зависит от соседних стран. Наши отечественные сорта хлопчатника вызвали большой интерес зарубежных стран. Были запросы на разрешение получения генофонда от США, штатов Монтана, Арканзас (2003 г.), КНР (2005-2017 гг.), Бразилии (2008 г.), Таджикистана (2008 г.) и Аргентины (2011 г.).

Сорт хлопчатника с 2018 года внедрен в производство в корпорации «Райгород» Волгоградской области Российской Федерации (в 50 км от г. Волгоград) на площади около 4 тысяч гектаров при научном сопровождении ученых Казахского научно-исследовательского института хлопководства.

Семеноводство является одной из важных специальных отраслей в хлопководстве, на которую возложено быстрое размножение, сохранение сортовой чистоты, улучшение и внедрение в производство лучших районированных сортов хлопчатника.

Им впервые предложена новая схема по получению оригинальных и элитных семян хлопчатника отечественных конкурентоспособных сортов серии «Мактаарал», разработана инструкция по производству

посевных семян элиты и репродукции новых районированных сортов хлопчатника (2009 г.), которая сегодня успешно применяется элитно-семеноводческими хозяйствами (Утверждено к внедрению Департаментом земледелия МСХ РК).

По предложению И. Умбетаева Министерством сельского хозяйства построен завод по производству химически оголенных семян хлопчатника проектной мощностью 5 тыс. тонн семян в год, который обеспечит потребность хлопкосеющих хозяйств области высококачественными семенами элиты и I репродукции.

